

САКРАЛДЫ НЫСАН – ӨТКЕННЕН ҚАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ

Әділғазы Әйгерім Нұрлыбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия Ұлттық университеті, магистрант

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

Тұңғыш елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы заманауи биікке көтеруге септігін тигізетін алты жоба ұсынылған болатын. Соның бірі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы. Бұл жобаны жүзеге асырудың мақсаты – халықтың ұлттық бірегейлігін және құндылықтарын нығайту, сырттан келген жат идеологияға төтеп беретін тұстарды қарастыру және дамыту.

«Сакралды» сөзінің түп-төркіні латын тілінде анықталады. Еуропалықтар бұл ұғым-түсінікпен өздері ерекше қастерлеген діни, тіпті мистикалық құбылыстарды, күнде көріп жүрген таныс ортадағы өзгеше болмысты, иррационалды дүниені, нысандарды бейнелеген. Бұл ұғым күні бүгін де бастапқы мағынасын сақтап келеді. Сакралды географияның мән-мағынасы терминге мейлінше сәйкес – қасиетті, киелі ұғымдарын қолданумен ашылған. Осыдан-ақ төл тарихымыз бен өркениетіміз жаһандық үдерістен, ақыл-ой бәсекесінен тыс тұрмағанын байқауға болады. Президент белгілеген жобаның мақсат-міндеттеріне бойлап, іргелі практикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін қоғамдық-гуманитарлық ғылым иелері ақиқатты ашатын теориялық, методологиялық қағидаттарға сүйенуі керек. Сонда өзімізді өзіміздің тануымыз, рухани жаңғыруымыз сапалы жаңа биікке көтерілері сөзсіз [1, б.12].

Қазақ халқы өз тарихи жолында жарық дүниенің тылсым таңғажайыптарын, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өзі мән-мағынаы жағынан қоғамдық санадағы, дүниетанымдағы сакралдылық жайлы тұжырымдарымыздың биік деңгейін бейнелейді. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге тыйымдары шаңырақты, мал-жанды, аруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегенінің дәлелі. Сакралды географияның бүгінгі бейнесі - төл тарихымыздың қай дәуіріне болсын тән ізгілік, биік рух, болашаққа сенім тәрізді қасиеттермен үндесіп жатыр.

Елбасы мақаласы жарияланғаннан беріде Қазақстанның сакралды нысандарын анықтауға, әлеуетін зерделеу мен насихаттауға аз күш жұмсалған жоқ. Әңгіменің түйіні – сакралды географияға нені жатқызатынымызды, пәні мен нысанын анықтағанда қандай өлшемдерді басшылыққа алатынымызды біліктілікпен дәйектеуде. Мұнсыз уақыт та, қаражат та бекерге зая кетуі мүмкін [2, б.31].

Сакрал сөзінің келуіне әу бастан түрткі болған дін мен діни ұғым-түсінігіне басымдық берген жөн. Түптеп келгенде, екеуі де, біріншіден, бәрінен ұлық түпжаратушыға, екіншіден, тылсым сырлы ерекше құдіретке адамдардың көзқарасын, құрметін білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында түпжаратушы ретінде Құдай немесе Тәңір ұғымдары қабылдана берген.

Қазақтың сакралды әлемге сәйкес тілдік қоры да қалыптасқан. Солардың ішінде үш сөздің этимологиясы мен танымдық әлеуеті айрықша көзге түседі. Ол сөздер – әулиелі, киелі, қасиетті [3, б.245].

«Әулие» – қазақ тіліне арабтан енген сөз. Түпжаратушының сүйген құлы, адамды дұрыс жолдан адастырмаушы дегенге келеді. Ұлы даламызда құдай жолынан ауытқымаған, ақылымен де, қолымен де қалтқысыз қызмет еткені үшін әулие санатына көтерілгендер бар.

Ендеше, сакралды география нысандарының ең маңызды, ең мәртебелі бөлігін «әулиелі» терминімен айшықтаған жөн. Мәселен, ислам дінінің ғұламалары мен қайраткерлері Қ.А.Ясауидің, С.Ғылманидің, А.Машанидің, Х.Алтайдың кесенелері, егер сакралды география нысандары тізіміне ене қалса, «әулиелі» атауымен ұлықтауға лайық. Ислам діні Ұлы далаға VIII ғасырдың ортасынан тарай бастады. Демек, діни сакралды география хронологиялық тұрғыдан соңғы XIII ғасырды қамтып жатыр.

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімді сақтауға құштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деуімен қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қоя алған. Батыс тарихнамасында әлі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан қате тұжырымды – көшпелілер өркениеттен тыс қалған, олар соғысқұмар, отырықшыларға тыныштық бермеген тәрізді пайымдарды жоққа шығара алғанын да білуіміз керек.

Киелі сакралды географияның ең басты нысандарының бірі - Қазығұрт тауы десек, еш қателеспейміз. Өйткені, бұл жерде Нұқ пайғамбардың кемесі қалғаны туралы аңыз бар және оған тәу етушілер күні бүгінге дейін үзілген емес. Бүгінгі күні археологиялық қазбалар жүріп жатқан Алтайдағы Берел де сакралды нысанға айналып келеді. Сакралды нысандардың осы тобы исламға дейінгі дүниетанымды айшықтайды, көбінесе нақты киemen қосарлана аталады. Айталық, ауыз әдебиетінде Абылай ханның киесі - қызыл түлкі, Райымбек батырдың киесі - ақ түйе, Жамбылдың киесі - қызыл шұбар жолбарыс, Кемпірбайдың киесі - көкала үйрек делінеді. Наурыз мейрамымен бірге айтылатын Қыдыр ата да қазақ кие құдіретіне бас игенінің көрінісі бола алады. Қысқасы, сакралды география хронологиясы бойынша да, мазмұны жағынан да ауқымды әрі бай.

Сакралды географияның үшінші құрамдас бөлігін халықтың, мемлекеттің тағдыры мен тарихында бетбұрысты миссия атқарған оқиғалар орны және тұлғаларға байланысты жерлер құрауы керек. Тап осы мәселеде қоғамдық санадағы мәртебесімен есептескен жөн. Мәселен, XVIII ғасырдың батыры Райымбектің зиратына түнеп, аруақтан бала сұрау, тілек тілеу практикада кездеседі.

«Әулиелі», «Киелі», «Қасиетті» ұғым-түсінігінен туындайтын қазақ әлемінің, оның ішінде тарихының да гуманистік және жасампаз әлеуетін өзімізге де, өзгеге де түсіндірудің маңызы зор. Бодандықтағы үш ғасырға жуық уақыт ішінде әулиелі, киелі жерлеріміз аз бүлдірілген жоқ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», деген ой-түйіндер, біріншіден, ұлттық кодымыздың тынысын кеңейтуді көздейді, екіншіден, мәдени, ғылыми, ономастикалық, т.б. міндеттерімізді тиянақтап тұр, үшіншіден, ең бастысы – қазақ қазақ қалпында ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алатынын еш бүкпесіз жайып салды. Турасын айтқанда, тәуелсіздіктің ғұмырын ұзартып, Мәңгілік Елге айналудың мемлекеттік биліктің ұсынған идеологияларының бірі, өйткені, үшінші жаңғыру үшін бізге қазақ болып қалғаннан басқа жол жоқ [4,б.25].

Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштердің бәрі бірдей сакралды болуы мүмкін емес. Әулиелі, киелі, қасиетті нысандар, әдетте, көп бола бермейді. Негізінде алдымен халықтың ұстанған діні мен діни ұғым-түсініктері жатқандықтан, сонан соң мемлекеттілігі мен азаттығы бірінші орынға шыққандықтан олар, тарихи генезисі бойынша үш дәуірді бастан кешті: біріншісі – Ұлы далада homo sapiens пайда болғаннан әлемдік дін ислам тарағанға дейінгі дәуір. Бақсылық, тотемизм, тасаттық, Діқан баба, Қамбар ата, т.б. сенім-нанымдар осы дәуірдің сакралды географиясына әсерін тигізді.

Екіншісі – ислам діні Ұлы далаға келгеннен беріде бой көтерген әулиелі нысандар. Бұл орайда орта ғасырлардан белгілілері мен кейбір пысықайлардың өз пайдасы үшін аяқ астынан ойлап тапқан нысандарды шатастырмау керек. Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқандықтан Қазақстан діндер мен мәдениеттердің, түрлі өркениеттердің ықпалдастығын бастан өткерді. Біз үшін екі рухани құндылықтың парқы мен нарқы алабөтен. Олар – тәңіршілдік пен ислам. Осы екеуіне қатысты жерлердің, нысандардың, ескерткіштердің болмыс-бітімін анықтап, сакралдыға кіретін-кірмейтінін ғылыми бекемдейтін сәт келді. Отар өлкеге айналғанға дейінгі дәуірлерден жеткен жат діндер мен қазіргі қатерлі діни ағымдар мұрасын сакралды география мәртебесімен танудың реті жоқ.

Үшіншісі – Қазақ хандығы шаңырақ көтергеннен кейінгі дәуір. Бұл дәуірдегі сакралды нысандарда ұлттық пішін мен мазмұн басым түседі. Тұтастай алғанда, сакралды нысандар адамдарды ұлтына, жынысына, руына, тайпасына қарай алаламай, баршаны адам қалпынан шықпауға үйретеді, оларды жақсылыққа шақырады, алдағы күнге сенімін арттырады.

Сакралды география теориялық проблемалар және арнайы зерттеулер болмаған себепті «ақтаңдақтардан» ада емес. Соларды жою – ұлттық тарихты қалың көпшілікке жеткізудің пәрменді тетігі. Әзірге Қызылорда облысындағы Бегім ана мұнарасын, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсүмбені, Қостанай облысындағы Мұғалім көлін тарихи ескерткіш және рухани құндылық ретінде әркім мойындай бермейді. Тарихи тұлға Бегім ана, шыққан тегі жайлы әр жылдары Ә.Марғұлан, Ә.Кекілбай, А.Сейдімбек, Ә.Жәмішев, И.Жақанов, т.б. азаматтар зерттеулерін жариялады, аңыз-әңгімелер жинады, құнды-құнды ұсыныстарын алға тартты. Жалпыұлттық мән берілмегендіктен осы сакралды нысан көпшілікке танымал емес [5, б.53].

Осыған дейін ҚР Ұлттық музейі жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасы аясында 100 нысанның тізімін ұсынған еді. Бұдан бөлек жергілікті маңызы бар деген 500 нысан тағы анықталған

Бүгінгі күні еліміздің киелі жерлерінің республикалық картасына Алматы қаласынан 6 нысан кірді. Қаланың туристік тартымдылығын арттыру және өскелең ұрпақтың санасында тарихи құндылықтарды қалыптастыру мақсатында аталған тарихи нысандарға алдағы уақытта үлкен өзгерістер енгізіліп, үлкен жобалар жоспарланып отыр.

«Боралдай сақ қорғандары» археологиялық саябағы. Боралдай сақ қорғандары б.э.д. VI-III ғ.ғ. аралығында пайда болған, 47 үлкен және кіші көлемдегі қорғандардан тұрады. Ашық аспан астында археологиялар, мұражайлар, қайта қалпына келтіру шеберханасы, мультимедия және конференция залдарынан құрылған сақ мәдениеті орталығы бар кешенді мұражай-қорының құрылысы жобасы бекітілген.

«Сақ мәдениеті» мұражайы. Мұражай иелігінде «Ошақ» субұрқағы, «Ширақ» мемориалы, қорған асты экспозициясы мен парк аймағы болады.

Райымбек батыр кесенесі Аумағы 3595 га жоспарланған кешеннің ішінде мазар, мешіт, мұражай, 2 түнеу мұнарасын салу жоспарланған. Жоба бойынша нысан 2019 жылы ашылып, жылына келушілер саны 500 мыңды құрайды.

«Вознесенск кафедралды соборы». Қазіргі уақытта «Қасиетті Вознесенск кафедралды соборын» қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Храмның ішінде кескіндеме жұмыстары жүргізіліп, күмбезінің, барабандары мен крестерін қалпына келтірілуде

«Этноленд» тарихи-этнографиялық мәдени, ойын-сауық паркі. Тағы бір айта кетерлігі, алдағы уақытта «Сакралды Қазақстан» республикалық картасына «Этноленд» тарихи-этнографиялық мәдени, ойын-сауық паркін кіргізу жоспарланған. Аумағы 5,5 га қамтитын «Этноленд» қонақтарды қазақ халқының ата-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігімен қолайлы ойын-сауық режимінде таныстыруға мүмкіндік береді.

«Республика алаңы» - («Тәуелсіздік» монументі және «Тәуелсіздік таңы»). Алаң аумағында 1996 жылы Тәуелсіздіктің бес жылдығына орай салынған «Тәуелсіздік» және 2006 жылы желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына орай орнатылған «Тәуелсіздік таңы»

монументтері бар. Авторлары: архитектор Ш.Уәлиханов (топ жетекшісі), мүсіншілері Н.Далбай, Ә.Жұмабаев сәулетшілері Қ.Жарылғапов, Қ.Монтақаев, т.б. бас конструкторы С.П. Каламқаров. сол жылы 16 желтоқсанда ашылды. Ескерткіштің ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев пен Түркия президенті С. Демирель қатысты. Ескерткіш үш бөліктен тұрады, ортасынан қақ айырылған қос баған өткен және болашақ дау-жанжалдарды сипаттайды, мемлекет еркіндік алып, тәуелсіздік салтанат құрғанын білдіреді. Композициядағы әйел бейнесі ерекше көзге түседі. Оң қолындағы орамал бейнесі мен сол қолындағы көкке ұмтылған құс – бейбітшілік пен бостандықтың символы. Жаңа өмір мен жаңа тыныстың белгісі. Композицияның үшінші бөлігін ерекше айшықталған көркем панно құрап тұр.

Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі. 1998 жылғы 12 қыркүйекте қайта жөндеу жұмыстарынан өткен мұражай-үй салтанатты түрде ашылған болатын. Төрт бөлмеден тұратын мұражайда Байтұрсынұлының отбасына және замандас достарына қатысты құнды мағлұматтардың түпнұсқасы мен көшірмесі және бірең-сараң экспонаттары бар.

Бұрынғы Үкімет үйі (қазіргі Қазақ-Британ техникалық университеті).

Ғимарат жобасы 1933 жылы ұсынылып, бүкіл кеңес одағы байқауында жеңіске жеткен сәулетшілер әзірлеген. Ұлы Отан соғысы басталып кеткен соң жоба тоқтатылып, кейіннен құрылысы 1951 жылы басталып, 1957 жылы аяқталған. 1991 жылы 16 желтоқсанында ғимаратта «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі» туралы конституциялық заң қабылданып, Тәуелсіздік туралы құжатқа ел президенті Н. Назарбаев қол қойған болатын.

Бұдан бөлек, Алматы қаласының жергілікті маңызы бар 9 нысан белгіленді. Олар Медеу, Көк-Төбе, Шымбұлақ, Верный балалар үйінің ғимараты, 1931-1933 жж. ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғимараты, Орталық және Кеңсай зираты – көрнекті қоғам қайраткерлері мен танымал тұлғалар жерленген орын, М. Әуезовтің музей-үйі, Д. Қонаевтың музей-үйі [6, б.74].

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласының өңтүстік батыс шетінде Бозоқ кентінің шығыс жағалауында орналасқан жергілікті түркілердің билеушісінің ордасы саналған Бозоқ қаласын да айтып өту керек. Бұл ортағасырлық қалашық Ұлы Жібек жолы бойындағы қыпшақ билеушілерінің әскери ордасы, аумақтың әкімшілік және сауда орталығы болған. Діни ғибадаттық шаралар өткізетін және адам аз тұратын маң далада жолаушылар мен сауда керуендеріне географиялық бағдар беретін орталық саналған. Ал, 13-15 ғасырларда қалашық орны қасиетті, киелі саналып, ақсүйектерді жерлейтін орынға айналды. Мұсылмандар бұл жерде құлшылық етіп, әруақтарды еске алып, ас беретін болды. Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаев өз еңбектерінде: «...ортағасырлық Бозоқ қаласын Ақмоланың түпкі атасы деп санауға болады, ал оның соңғы мұрагері қазіргі Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласы», деп жазған [7, б.18].

Қысқасы, сакралды география атауларын қоғамдық санада төл тарихымызбен ажырағысыз байланыста орнықтыру арқылы қазақстандық патриотизмнің іргетасы – жерге, тілге, мемлекетке құрметімізді нығайтамыз, сонымен қатар сакралды нысанды қоршаған елді мекендер атауы, жер-су ономастикасы – бәрі ұлттық-тарихи реңкпен ерекшеленгені абзал. Бұл қазақ жеріне қызыға да, қызғанып та қарап жүрген басқаларға сабақ болғанына қоса, ұлттық тіліміздің мәртебесін, мемлекетшіл санамыздың деңгейін арттырары сөзсіз.

Атамекен жеріміздегі тарихи топонимиялық атауларды келер ұрпаққа мәңгілік мұра етіп қалдыру - біздің басты міндетіміз, өйткені ол –ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинап келген баға жетпес қазынасы. Ол туралы ғалым Мекемтас Мырзахметов: «Әрбір халық туған жер, Атамекен жұртындағы топонимикалық атауларды белгілі бір себептерге байланысты, не тарихи оқиғаларға орай бір рет дүниеге әкеледі де оны ұрпағына мәңгілікке ескерткіш ретінде қалдырады. Ол атаулар ұрпақ ауысып, жаңа буын жас қауым өмірге келгенде дәстүрлі жалғастық тауып, халықтың тарихи жадында таспен қашап жазғандай мәңгі өмір сүре береді. Ал осы мәңгілік топонимикалық қастерлі атау бұзылса оған төлем жоқ, ол қайта айналып келмейді, жоғалады» деп жазған болатын [8, б.81].

Мән бермеппін жер атына бұрын мен,
Кездерім көп мән беруден сүрінген –
деп ақын Ж.Нәжімеденов жырлағандай, ендігі жерде ұлан-байтақ өлкеміздің тарихи төлқұжаты болып қалыптасқан топонимикалық атаулар халықпен бірге мәңгі жасауы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 12 сәуір 2017 [Электронный ресурс]:<http://akorda.kz/ru/events/statuya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi> (Дата обращения: 12.07.2019).
2. Қабышұлы М. Тана мырза тағылымы/ Естігенім, көргенім, білгенім. - Семей, 2014.
3. От Алтая до Каспия. Атлас памятников и достопримечательностей природы, истории и культуры Казахстана. Том 1. Восточный, Северный и Центральный регионы. - Алматы, 2011.
4. Нүрекенов Қ.Т., Исхан Қ.Ж. Қалдырған ізі мәңгілік. - Алматы, 2014.
5. Сакральная география Казахстана: Реестр объектов природы, археологии, этнографии и культовой архитектуры. – Алматы: Хикари, 2017. -902 с.
6. Тәжекеев Ә.Ә. /Қазақстанның киелі орындарының географиясы. Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі. – Алматы, 2017.-498-500 бб.
7. Акишев К.А. Городище «Бозок»: семантика планиграфии и функции // Бозок в панораме средневековых культур Евразии: Материалы Международного полевого семинара. - Астана, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2008. -С.13-19.
8. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. - Алматы 2002. - 421 б.